

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлерінің жалпы
жиналысы шешімімен
бекітілді
(2020 жылғы «__» _____
№ _____ отырыс хаттамасы)**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2019 жылы атқарылған жұмыс туралы
жылдық есебі**

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

М А З М Ұ Н Ы

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат
2. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы
3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу өлшемшарттары
4. Директорлар кеңесінің құзыреті
5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі
6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат
7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу
8. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп
9. Акционерлермен өзара қатынас
10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру
11. 2019 жылға арналған Басқарма есебі
12. Басқарма құрамы
13. 2019 жылғы Басқарма отырыстары туралы ақпарат
14. Басқарма жанындағы Комитеттердің 2019 жылғы жұмысы туралы есеп

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) басқару органы болып табылады және ол өз функцияларын «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды қамтамасыз етеді, өз құзыреті шегінде Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісті түрде бақылау үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

2019 жылғы 28 қаңтарда Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесі қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамы алты адам санында айқындалды, Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды. Қоғам Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам санында сайланған. Акционерлік капиталдың (жай акциялардың жалпы санының 90%-і «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі) құрылымына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің екі мүшесі ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың өкілі болып табылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директор болып табылады, бұл миноритарлық акционерлердің құқықтарын және мүдделерін корпоративтік басқарудың әлемдік үздік тәжірибесіне сәйкес қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қоғамның бас директоры (Басқарма мүшесі) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің іскерлік беделі мінсіз және салада елеулі жұмыс тәжірибесі бар.

2. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

Аты, тегі	Лауазымы
Данияр Берлібаев	Директорлар кеңесінің төрағасы
Винишиус Агостини	тәуелсіз директор
Димаш Досанов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Алмасбек Мухашов	тәуелсіз директор
Адриан Фрейсине	тәуелсіз директор
Нұртас Шманов	Директорлар кеңесінің мүшесі

3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу өлшемшарттары

Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қоғам Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінде айқындалған әрі Қоғам веб-сайтының «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналасқан.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі Винишиус Агостини, Алмасбек Мухашов және Адриан Фрейсине директорларының тәуелсіздігі фактісін орнатты, сондай-ақ жоғарыда аталған директорлардың тәуелсіз шешімдер қабылдауына елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін әлдебір қатынастар немесе жағдайлар жоқ деп айқындады.

4. Директорлар кеңесінің құзыреті

Директорлар кеңесі Қоғам мүддесінде іс-қимыл жасайды, стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және тұрақты даму қағидаттарын негізге ала отырып, оның қызметінің ұзақмерзімді келешекке негізгі бағыттарын белгілейді. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді және өзге де маңызды мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін беріле алмайды.

Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі, Басқарма және Бас директор (Басқарма төрағасы) арасында өкілеттіктерді бөлу Қоғам Жарғысының 11 және 12-баптарымен айқындалады.

Директорлар кеңесі қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Қоғам қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

Директорлар кеңесі өз құзыретінің шегінде Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат

2019 жылы барлығы Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін 10 отырысы өткізілді, оларда Қоғам қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша 124 мәселе қаралып, шешім қабылданды:

Стратегиялық даму

- 2018 жылғы бизнес жоспардың іске асырылуы туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2020–2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылға арналған есепті қарау.

Қаржылық-шаруашылық қызмет

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін және шоғырланған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылғы таза кірісін, өткен жылдары бөлінбеген табысты бөлу тәртібі туралы және 2018 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу.

Корпоративтік басқару

Директорлар кеңесі Қоғамдағы корпоративтік басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Директорлар кеңесі отырыстарында Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы қызметімен байланысты, оның ішінде осы саладағы іс-шаралардың орындалуы туралы есептерге және келешектегі жоспарларға қатысты мәселелер үнемі қаралып отырады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырды әрі мынадай мәселелерді қарады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2018 жылғы Жылдық есебін бекіту;
- 2019 жылға арналған Қоғамның басшы жұмыскерлері, корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы 2018 жылға есепті бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппараты құрылымын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын бекіту.

Ішкі аудит

Ішкі аудит мәселелері жөнінде мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020-2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджетін бекіту.
- Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБКЖ) мен ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі – ІБЖ) корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады және Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуіне теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдік оқиғаларды уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жасауға және азайтуға бағытталған. ТБКЖ жөніндегі саясатқа сәйкес жоғарғы деңгейден бастап желілік деңгейге дейін Қоғамның өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін басқарудың сатылас процесін енгізу, тәуекелдерді басқару процесін Қоғамның негізгі бизнес-процестерімен интеграциялау Қоғамның ТБКЖ негізгі мақсаттарының бірі болып айқындалды.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі мынадай мәселелерді қарады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- 2020 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін бекіту.

Сондай-ақ Директорлар кеңесі Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесі Қоғам қызметіндегі негізгі өзгерістерді және басқарушылық есептілікті ай сайын қарап отырды.

Директорлар кеңесінің 2019 жылдағы шешімдері туралы қосымша ақпаратты Қоғамның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында алуға болады.

2019 жылы Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:

- «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің қызметтік іссапарлары туралы қағидалар;
- «ҚазТрансОйл» АҚ интеграцияланған менеджмент жүйесінің құжаты - «ҚазТрансОйл» АҚ активтерін сату қағидаларына өзгерістер;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгерістер.

7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

Директор	Отырыстарға қатысу	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесі құрамында болу кезеңі
Данияр Берлібаев	10-ның 10-ына	100	01.01.2019 – 31.12.2019
Винишиус Агостини	10-ның 10-ына	100	28.01.2019 – 31.12.2019
Димаш Досанов	10-ның 10-ына	100	01.01.2019 – 31.12.2019
Алмасбек Мухашов	10-ның 10-ына	100	28.01.2019 – 31.12.2019
Адриан Фрейсине	10-ның 10-ына	100	28.01.2019 – 31.12.2019
Нұртас Шманов	10-ның 10-ына	100	01.01.2019 – 31.12.2019

8. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп

Комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органдары болып табылады және Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуына, өз құзыреті шегінде неғұрлым маңызды мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау комитеті;
- Кадрлар және сыйақылар комитеті;
- Ішкі аудит комитеті.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитет Қоғамның стратегиялық даму, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау жолымен Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады, олардың сан құрамын Директорлар кеңесі айқындайды. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс.

Комитет отырысы қажетіне қарай, бірақ алты айда кемінде бір рет өткізіледі.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор, төраға;
- Алмазбек Мухашов – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор;
- Нұртас Шманов – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

Комитет 2019 жылдың ішінде қатысу тәртібімен өткізілетін 5 отырыс өткізді, оларға оның барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда мынадай негізгі мәселелер қаралып, олар бойынша ұсынымдар жасақталды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2019 жылға арналған бюджет бөлігінде түзетілген 2019-2023 жылдарға арналған бизнес-жоспарын қарау;
- 2018 жылға Қоғамның таза кірісін, өткен жылдардағы бөлінбеген табысты бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде 2018 жылға дивиденд мөлшері туралы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің ұсынысы;
- 2025 жылға дейінгі «ҚазТрансОйл» АҚ Даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылға арналған есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасының жобасын қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2020-2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын қарау.

Кадрлар және сыйақылар комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесінің мүшелерін, бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны іріктеу, тағайындау (сайлау), бағалау және оларға сыйақылар берумен байланысты Директорлар кеңесі өз өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде Директорлар кеңесіне жәрдемдесу.

Комитет мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және бас директоры (Басқарма төрағасы) Комитет мүшесі болмауы тиіс.

Кадрлар және сыйақылар комитетінің құрамы (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Алмазбек Мухашов – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

Комитет отырыстары қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Комитет 2019 жылы қатысу тәртібімен өткізілетін 6 отырыс өткізді, оларға оның барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар жасақталды:

- 2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ кейбір басшы жұмыскерлері қызметтерінің түзетілген негізгі уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту;
- 2019 жылдың алты ай қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері қызметтерінің негізгі уәжді көрсеткіштерін орындау туралы есепті қарау;
- 2019 жылдың алты ай қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі уәжді көрсеткіштерін орындау туралы есепті қарау;
- 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері мен корпоративтік хатшысына сыйақы беру;
- Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын лауазымдарға кандидаттарды келісу;
- 2019 жылдың тоғыз ай қорытындылары бойынша Қоғамның басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі уәжді көрсеткіштерін орындау туралы есепті қарау.

Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитетінің қызметі сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасымен басқа да мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесі мүшелері, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болулары тиіс.

Ішкі аудит комитетінің құрамы (Қоғам Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Алмасбек Мухашов – тәуелсіз директор.

Ішкі аудит комитетінің отырысы қажетіне қарай, бірақ тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының шақыруы бойынша аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында Комитет отырыстарына Қоғамның жетекші серіктесі және/немесе сыртқы аудиторының басқа өкілдері - «Эрнст энд Янг» ЖШС қатыса алады.

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті қатысу тәртібімен өткізілетін 7 отырыс және сырттай дауыс беру жолымен 2 отырыс өткізді, отырыстарға оның барлық мүшелері қатысты.

Комитет мынадай мәселелерді қарады және алдын ала мақұлдады:

- тәуелсіз аудитордың Қоғамның Басшылығына және Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетіне құпия есебін қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2018 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы есептерді қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020-2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын қарау және алдын ала мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының есеп саясатына сәйкес жүргізілген қайта бағалау кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ активтерінің әділ құнын бағалау нәтижелерін қарау.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамына қойылатын талаптар және Комитеттердің отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Қоғамның интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

9. Акционерлермен өзара қатынастар

Қоғам қызметінің басты қағидаттарының бірі акционерлермен мейлінше ашық және тиімді өзара әрекет ету болып табылады.

Акционерлердің негізгі құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі барлық акционерге бірдей тең қарауға кепілдік береді, оларға Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Қоғамды басқаруға қатысуға, Қоғам қызметі туралы ақпаратты және дивидендтер алуға өз құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Акционерлердің мүдделеріне қатысты ақпарат Қоғамның, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың және қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайттарында уақтылы орналастырылады.

Қоғамда Инвесторлармен байланыс қызметі жұмыс жасайды, оның негізгі міндеті Қоғамның инвестициялық-тартымды компания ретінде беделін қолдау және бекіту мақсатында Қоғамның басшылары мен инвестициялық қауымдастық (әлеуетті инвесторлар, миноритарлық акционерлер және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары) арасында тиімді байланысты ұйымдастыру.

2019 жылғы 27 мамырда Қоғам атына акционер Динара Орынбайқызы Қасенғалидің мүддесін білдіретін адвокат А.Б. Бегдесеновтен Атырау қаласы,

Ғұмаров көшесі, 96-үй мекенжайы бойынша орналасқан Қоғам Батыс филиалының әкімшілік ғимаратын Атырау облысының әкімдігіне өтеусіз беру арқылы акционер мүдделерінің бұзылғандығы туралы өтініш келіп түсті. Қоғам 2019 жылғы 11 маусымдағы №25-04/5096 хатпен акционердің өкіліне әкімшілік ғимаратты студенттік жатақханаға өтеусіз беру заңды болып табылатынын және Қоғамның, оның акционерлерінің мүдделеріне сәйкес келетінін растайтын дәлелді түсініктемелер жіберді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмасы негізінде Қоғамның Ішкі аудит қызметі Атырау қаласы, Ғұмаров көшесі, 96-үй мекенжайы бойынша орналасқан әкімшілік ғимаратты Атырау облысының коммуналдық меншігіне тапсыру рәсімінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келуіне баға берді. Қоғамның ішкі аудит қызметінің қорытындысына сәйкес Атырау қаласы, Ғұмаров көшесі, 96-үй мекенжайы бойынша орналасқан әкімшілік ғимаратты Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру рәсімі Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптары аясында жүргізілді.

Ірі акционермен өзара қатынастар

Қоғам акцияларын Қазақстан қор биржасында бастапқы орналастыруға байланысты, Қоғам мен оның ірі акционері - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында 2012 жылғы 30 қазанда Қоғам мен оның ірі акционері арасындағы өзара әрекеттің ашық нарықтық қағидаттарын бекітетін және Қоғамға өзінің барлық акционерінің мүддесінде әрекет жасауға мүмкіндік беретін Өзара қатынас туралы келісім жасалды.

Келісімнің толық нұсқасы Қоғамның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Акционерлерге және инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларымен белгіленген.

Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органының басшысы осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Тәуелсіз директорларға, олармен жасалған шарттар негізінде:

- жылына 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары мөлшерінде бекітілген сыйақы;

- Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына қатысқаны үшін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы төленеді.

Тәуелсіз директорларға тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі

комитеттерінің отырыстарына барумен байланысты шығыстары (жол ақысы, қонақ үйде тұру, тәуліктік) өтеледі.

Қоғамның тәуелсіз директорларына олардың 2019 жылғы жұмысының нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері, салықтарды қоса алғанда, 117231 мың теңгені құрады.

Қоғамның тәуелсіз директорларына 2019 жылы төленген сыйақы

(мың теңге)

ТАӘ	Жылдық сыйақы	Комитеттердің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына қатысқаны үшін	Салықтарды шегергенде жиыны	Салықтарды қосқанда жиыны
Винишиус Агостини	28 307	6 525	34 832	38 714
Алмасбек Мухашов	28 307	6 525	34 832	39 803
Адриан Фрейсине	28 307	6 525	34 832	38 714
Жиыны	84 921	19 575	104 496	117 231

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары жөнінде қосымша ақпарат Қоғамның интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

11. 2019 жылға арналған Басқарма есебі

Қоғам Басқармасы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Қоғам алдында тұрған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: ұждандылық, адалдық, парасаттылық, абайлаушылық, жүйелілік, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі құрады және Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу бойынша жүргізілген жұмыс үшін Директорлар кеңесі алдында есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастырып, үйлестіретін бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржы және адам ресурстарын бөлуге жауапты болады.

Қоғам Басқармасының өкілеттігі және қызмет нәтижелері туралы қосымша ақпарат Қоғамның веб-сайтында «Корпоративтік басқару» бөлімінде жарияланған.

12. Басқарма құрамы

Қоғамның Директорлар кеңесі 2018 жылғы 23 мамырдан бастап Басқарма құрамының тоғыз мүшесін айқындау туралы шешім қабылдады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

Аты, тегі	Лауазымы
Димаш Досанов	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Сәбит Арынов	Бас директордың орынбасары
Болат Отаров	Бас директордың орынбасары
Ален Таңатаров	Бас директордың орынбасары
Жайық Махин	Бас директордың орынбасары
Шыңғыс Сейсекенов	Бас директордың орынбасары
Орал Идырысов	Бас директордың орынбасары
Шара Әділова	Бас директордың орынбасары
Жайдарман Исақов	Басқарушы директор

13. 2019 жылғы Басқарма отырыстары туралы ақпарат

2019 жылдың ішінде Қоғам Басқармасы қатысу тәртібімен 25 отырыс өткізді.

Барлығы Қоғамның Басқармасы 227 қаралған мәселе бойынша шешімдер қабылдады, 219 тапсырма берді, бұл ретте, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалмаған тапсырмалар жоқ. Басқарма жұмысының нәтижелері бойынша 86 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды, ал олардың 8-і Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығарылды.

2019 жылы Басқарма отырыстарына қатысу:

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
	Отырыстарға қатысу саны	Қатысқан отырыстардың проценті	
Димаш Досанов	25-тің 23-іне	92%	01.01.2019 – 31.12.2019
Сабит Арынов	25-тің 18-іне	72%	03.01.2019 – 31.12.2019
Болат Отаров	25-тің 14-іне	56%	01.01.2019 – 31.12.2019
Әлиби Құлтумиев	13-тің 11-іне	85%	01.01.2019 – 08.07.2019
Ален Таңатаров	12-нің 11-іне	92%	09.07.2019 – 31.12.2019

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
	Отырыстарға қатысу саны	Қатысқан отырыстардың проценті	
Жайық Махин	25-тің 23-іне	92%	01.01.2019 – 31.12.2019
Шыңғыс Сейсекенов	25-тің 19-ына	76%	01.01.2019 – 31.12.2019
Орал Идырысов	25-тің 22-іне	88%	01.01.2019 – 31.12.2019
Шара Әділова	25-тің 24-іне	96%	01.01.2019 – 31.12.2019
Жайдарман Исақов	25-тің 23-іне	92%	01.01.2019 – 31.12.2019

Өткізілген отырыстар шеңберінде мынадай басты бағыттар бойынша шешімдер қабылданды:

Стратегиялық даму:

- 2025 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылғы есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-жоспарын жүзеге асыру туралы 2018 жылғы есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызмет тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 1-2-деңгейдегі бизнес-процестер карталарын «осы қалпында» бекіту және «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестер архитектурасын «осы қалпында» бекіту ;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Цифрландыруды дамыту бағдарламасын бекіту.

Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2018 жылға арналған жылдық есебін мақұлдау;
- 2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен олардың мақсатты мәндерін мақұлдау;
- 2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін мақұлдау;
- орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, «ҚазТрансОйл» АҚ ҒТО» филиалы, «ҚазТрансОйл» АҚ өкілдіктері мен өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелері басшыларының, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтер департаменті басшысы қызметінің негізгі функционалдық көрсеткіштерін нақты мәндерімен және 2018 жылға қорытынды нәтижелерімен бекіту;

- 2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы жұмыскерлері қызметінің негізгі уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту.

Қаржылық-шаруашылық қызмет:

- 2018 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігі мен шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- 2019 жылға арналған бюджет бөлігінде түзетілген «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019–2023 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын мақұлдау;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- 2018 жылға Тәуекелдер комитетінің қызметі туралы есепті қарау;
- 2019 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер комитетінің Жұмыс жоспарын бекіту;
- Қоғамның орталық аппаратының 2019 жылға арналған бизнес-процестері классификаторын бекіту;
- Қоғамның орталық аппаратының жекелеген бизнес-процестері бойынша Тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және блок-схемаларын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді алдын ала қарау;
- 2020 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін алдын ала қарау.

14. Басқарма жанындағы Комитеттердің 2019 жылғы жұмысы туралы есеп

Қоғамның Тәуекелдер комитеті Қоғам Басқармасы жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады және Қоғам мен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау және олар бойынша қажетті шешімдер қабылдау үшін Қоғамның Басқармасына ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

Тәуекелдер комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Қоғам органдарының шешімдерін және Қоғам басқармасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен (отырыстың №2 хаттамасы) бекітілген

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер комитеті туралы ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен (отырыстың №2 хаттамасы) бекітілген Тәуекелдер комитетінің 2019 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес есепті кезеңде Тәуекелдер комитеті 5 жоспарлы отырыс, сондай-ақ 2 жоспардан тыс отырыс өткізген, оларда:

1) Қоғам мен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының (ЕББҰ) өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2018 жылдың 4-тоқсанына және 2019 жылдың 1-3-тоқсандарына тоқсан сайынғы есептер келісілді;

2) Қоғамның орталық аппаратының 2019 жылға арналған Бизнес-процестері классификаторының және Қоғамның орталық аппаратының тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және блок-схемаларын әзірлеу және/немесе өзектендіру бойынша жұмыстардың 2019 жылға арналған Күнтізбелік жоспар-кестесінің жобалары келісілді;

3) Қоғамның орталық аппаратының жекелеген бизнес-процестері бойынша Тәуекелдер мен бақылау матрицаларының және блок-схемаларының жобалары келісілді;

4) 2019 жылға Қоғамның және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері келісілді;

5) Қоғамның және оның ЕББҰ қатерлі (елеулі) тәуекел-факторлары бойынша ықпалдың алдын алу, сондай-ақ Қоғамның өндірістік процестерінің тиімділігін арттыру бойынша қабылданған және жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат тыңдалды. Олар бойынша жұмыс жалғасуда, орындалу статусы тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептерде тіркеледі.

Тәуекелдер комитеті есепті кезеңде қараған барлық жоспарлы мәселелер белгіленген тәртіпте Қоғамның тиісті органдарының немесе лауазымды тұлғаларының әрі қарай қарауына және/немесе бекітуіне шығарылды.